

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Губа В.П., Основы распознавания раннего спортивного таланта: [учеб. пособие] / В.П.Губа. - М.: Тера-спорт, 2003.-208 с.
2. Матвеев Л.П., Общая теория спорта: [Учебная книга для завершающих уровней высшего физкультурного образования] /Л.П. Матвеев. - М.:4-й филиал Воениздата, 1997.- 304 с.
3. Платонов В.Н., Подготовка юного спортсмена: пособие /В.Н. Платонов, К.П.Сахновский. - К.,Рад. шк., 1988-288 с.
4. Филин В.П., Тренировка юных спортсменов /В.П. Филин. - М.: Физкультура и спорт, 1965- 352 с.

**ҒТАМР 13.07.25**

### БОЛАШАҚ МУЗЫКАНТ – ХОРМЕЙСТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**А.К. АЛИЕВА, С.К. МУХТАРОВА**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қаласы,  
Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада болашақ музыкант – хормейстердің кәсіби қызметінің мәселелері қарастырылған. Қазіргі таңдағы музыка мұғалімінің қызметі, сабақты өту барысы, жаңа технологиялар мен инновациялық әдістерді қолдануы. Музыка мұғалімінің кәсіби әрекетінің құрылымдық элементтері қарастырылған. Педагогтың белгілі музыкалық және педагогикалық қабілеттеріне тоқталып өтілген. Жалпы және музыкалық мәдениеттің деңгейін жоғары сатыға көтерудің және жастардық көркемдік эстетикалық көзқарасы мен талғамын, рухани дүниесін дамытудағы бірден – бір тиімді жолы – хор өнері. Хор айтудың, хорға жетекшілік етудің өзіне тән ерекшеліктері, ережелері, үйрету принциптері болады. Хорға жетекшілік ете білу – аса жауапкершілікті талап ететін жұмыс.

**Түйінді сөздер:** музыка, хор, хор жүргізу, өңдеу, педагогика, зерттеу, ұғым, таным, эстетика, ұйымдастырушылық, гностикалық, коммуникативтік, хормейстер, педагог, музыкатанушы, орындаушылық, бейімдік, ұйымшылдық, ерік, қасиет, мақсат, қуат, инициативті, әдіс – тәсіл, репертуар, әдіснама, шеберлік, мотивация, диалог, тұлға.

**Аннотация.** В статье рассматриваются проблемы профессиональной деятельности будущего музыканта-хормейстера. Деятельность современного учителя музыки, ход проведения урока, использование новых технологий и инновационных методов. Предусмотрены структурные элементы профессиональной деятельности учителя музыки. Известно пройденные музыкальные способности и педагогическое Педагогтың остановилс. Одним из эффективных путей повышения уровня общей и музыкальной культуры на высшую ступень и развития молодого художественного эстетического вкуса и вкуса, духовного мира является хоровое

искусство. Хоровое произношение, руководство хором имеют характерные особенности, правила, принципы обучения. Умение руководить хором-работа, требующая особой ответственности.

**Ключевые слова:** музыка, хоровод, хоровод, обработка, педагогика, исследование, понятие, познание, эстетика, организационная, гностическая, коммуникативная, хормейстер, педагог, музыковед, исполнительская, склонность, организованность, воля, свойство, цель, сила, инициативность, метод – подход, репертуар, методология, мастерство, мотивация, диалог, личность.

**Annotation.** The article deals with the problems of professional activity of the future musician-choirmaster. The activity of a modern music teacher, the course of the lesson, the use of new technologies and innovative methods. Structural elements of professional activity of the music teacher are provided. Known passed musical skills and teaching Pedagogy stopped. One of the effective ways to raise the level of General and musical culture to the highest level and to develop young artistic aesthetic taste and taste, spiritual world is choral art. Choral pronunciation, choir management have specific features, rules, principles of teaching. The ability to lead a choir is a job that requires special responsibility. In the system of professional training of the future music teacher provides a deep understanding and full and comprehensive perception of various artistic techniques, wide possibilities of choral scores, the sound of the choir.

**Key words:** music, round dance, round dance, processing, pedagogy, research, concept, knowledge, aesthetics, organizational, Gnostic, communicative, choirmaster, teacher, musicologist, performing, inclination, organization, will, property, purpose, strength, initiative, method – approach, repertoire, methodology, skill, motivation, dialogue, personality.

Біздің зерттеуімізде ерекше орын алатын педагогикалық шығармашылық мәселесі. Бұл көкейкесті мәселе И.В. Загвязинскийдің, И.Ф. Исаевтің, Н.Д. Никандровтың жұмыстарында кеңінен ашылады. Зерттеушілердің ойынша педагогикалық шығармашылық, педагогикалық шынайылықтың қайшылықтарынан туындайды: бір қырынан алғанда алдын – ала болжауға болмайтын педагогикалық жағдайдың дамуы, келесі қыры жағынан жеткілікті деңгейдегі қатал шектеулер.

Мұғалімнің шығармашылық әрекеті тұлғаның пелагогикалық бағыттылығы мен педагогикалық әрекетке қабілеттілігіне тәуелді, сонымен қатар оның кәсіби біліктілігі мен педагогикалық техниканы меңгеруіне тікелей байланысты болуы.

Жалпы орта білім беретін мектептегі хор жетекшісінің жұмысын терең түсініп, ұғыну үшін музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің барлық жиынтығын қарап шығу қажет.

Л.Г. Арчажникованың [1] пікірі бойынша музыка – педагогикалық әрекет, шығармашылық белсенділікті танытатын және өз білімін бір жүйеге келтіре алатын, жинақтап қорытуға қабілетті, педагогикалық, музыкатанымдық, хормейстерлік, музыкант – орындаушылық және зерттеушілікті біріктіретін педагог жұмысы.

В.И.Муцмахер [2] музыка мұғалімінің кәсіби қызметінің құрылымын мінездейтін компоненттерді келесідей бөліп қарастырады:

Гностикалық (зерттеушілік) – музыка мұғалімінің танымдық кәсіби – шығармашылық белсенділігімен байланысты, музыка – педагогикалық репертуарды үйренуі және талдауы, мұғалімнің кәсіби дайындығы жөнінде сұрақтар бойынша ғылыми – әдістемелік әдебиеттерді оқып, танысуы, өзінің зерттеу жұмысы.

Конструктивтік (сындарлы) – білім алушының (оқушының немесе студенттің) музыкалық дамуының мақсат және міндеттерін ұзақ кезеңге жоспарлауы, әріптестер бірлестігінде шығармашылық жұмыс атмосферасын орнатуы, сабақ құрылымын даму мақсаты мен білім алушының өздік дамуы мақсатына ұштастыра сәйкестендіруі, жоспарланған нәтижесіне жетуді қамтамасыз етуге педагогикалық амалдарды және оқу материалдарын дұрыс таңдай білуі.

Ұйымдастырушылық – конструктивтік компоненттік мақсат, міндеттерінің практикалық іске асуы. Музыкаға қызығушылығын қолдау, назарын реттеудегі оқушының немесе білім алушының әрекетін ұйымдастыру. Жекеше музыкалық сабақтарды өткізу, ансамбль, хор, оркестр және тағы басқа шығармашылық ұжымдарды ұйымдастыру. Сабақтан, сыныптан тыс музыка – эстетикалық әрекетті ұйымдастыру және қосымша біліммен қаруландыру.

Коммуникативтік (қатынастық) – білім алушымен педагогикалық орынды қарым – қатынас орнату: ұқсастыру немесе теңестіру қабілеті; білім алушының жекелей ерекшелігіне сезімталдықпен қарау; оқушылармен, әріптестермен, әкімшілікпен, ата – аналармен, қоғаммен екі жақты байланыс түрі арқылы қарым – қатынас орнату.

Жоғарыда көрсетілген кәсіби қызметтің компоненттері оның мамандығына қарамай кез – келген педагогтың әрекеті сипатында жалпыпедагогикалық жағынан қарастырылады. Музыка мұғалімі – ол музыка және педагогика тығыз ұштасқан, көркем шығармашылық түрі ретінде музыкалық өнермен байланысқан спецификалық ерекше кәсіп. Сондықтан болашақ музыка мұғалімінің кәсіби музыка – педагогикалық әрекеті жалпыпедагогикамен тең, мұғалімнің музыка – педагогикалық, музыка – теориялық, музыка – орындаушылық және музыка – ағартушылық функциялармен тікелей байланысты спецификалық компоненттерді қажет етеді. Музыка мұғалімінің кәсіби еңбегі осы бір маңызды ұстаным компонентін В.И. Муцмахер [2] «музыкалық - шығармашылық» - деп атады. Ол музыка мұғалімінің барлық әрекетін қамтитын және мектептегі практикалық жұмысқа қажетті дағды мен шеберліктің өзара байланысы және өзара себепшісі – кешен деген пайымдау жасайды:

- музыка – педагогикалық (музыкалық психология, педагогика, музыка мұғалімінің әдіснамалық мәдениеті, музыкалық тәрбие әдістемесі және тағы басқа);

- музыка – теориялық (сольфеджио, гармония, музыка тарихы, музыкалық формалардың түрлері) талдау және тағы басқа;

- музыка – орындаушылық (хорды дирижерлау, хорға жетекшілік жасау, аспаптық музицирлеу, орындаушылық, сүйемелдеушілік және тағы басқа);

- музыка – ағартушылық (музыканы қабылдау ерекшеліктері, концерттік – ұйымдастыру әрекеті, орындалатын музыканың ауызша аннотациясы, музыка өнерін насихаттау).

*Музыка мұғалімінің кәсіби әрекетінің құрылымдық элементтері.*

Жалпы педагогикалық және арнайы (музыка - шығармашылық) компоненттер, тұлғаның практикалық әрекетіне қажетті басқа да компоненттермен байланысты, жоғары мотивациялық (шығармашылық әрекеттің кез-келген түрі сияқты) болып келеді және жоғары оқу орнында болашақ музыка мұғалімін кәсіби даярлаудың негізін қалаушы.

Г.И.Шевченко, Э.К.Сэт, Л.В.Яркиналардың [4,5] зерттеулері жасалған эксперимент көрсеткендей, дирижерлау сыныбында студенттің кәсіби-шығармашылық белсенділігін қалыптастырудың әсерлі құрамының бірі, негізгі дидактикалық принциптерге сәйкес студентпен бірге оқу әрекетін жобалау болып табылады. Ол болашақ музыка-хормейстер мұғалімінің қалыптасуының негізі ретінде және педагогқа оқу процесін оңтайлы етуде студенттің маңызды: рефлексия, колизия (қайшылық), орталандыру, сыни, толеранттық және тағы басқа тұлғалық қасиеттерін дамытып, бірлесе әрекет жасауына рұқсат береді. Оқу репертуры музыкадағы түрлі стиль мен бағыттарды бейнелей отырып, студенттің музыкалық қорының толықтырылуын қамтамасыз етеді, музыкалық шығармалардың стилистикасы мен драматургиясын, көркемдігі мен саздылығын түсінуге көмектеседі.

Дирижерлау сыныбындағы кәсіби-шығармашылық белсенділіктің негізгі көрсеткіштер *дирижерлау пәніне тұрақты қызығушылық, хормен ән айту мәдениетімен* байланысты және дирижер мамандығының белсенділігіне күмәнданбау; дыбыстық материалы ұйымдастыруда конструктивті (құрылымды) – логикалық ойлаумен байланысты, музыкалық-интеллектуалды ойлау деңгейі, ұқсастықтар мен айырмашылығын таба білу қабілеті, дыбыс ағынының байланысын орнатып, талдау және синтездеу (жинақтау); ерік күшінің тұрақтылығы: қайсарлық, мақсаттылық, табандылық, өз-өзін ұстай білу, инициатива және де ерік сферасымен музыкалық естуді елестетудің байланысы; музыка өнеріне ену деп түсіндірілетін оқудың құндылық мотиві, сонымен қатар педагог-музыкант дәрежесін алу; кәсіби білім, дағды және шеберлікті игеру деңгейі, музыкалық қабілеттің, әсіресе музыкалық әрекеттің кез-келген түрінде (шығарманы ойнауды, дирижерлауды, ән айтуды, шығаруды және тағы басқа) жан-жақты дамуы; орындаушылық

әрекетке әрдайым дайын болуда байқалатын, өздігінен білім алу қажеттілігі мен өздік жұмысы.

Студентті дирижерлауға оқытуда, педагог оның музыкалық, интеллектуалдық және креативтік қабілеттерін дамытуға тырысады. Қолайлы психологиялық жағдайды орната отырып, педагог студентте өзінің тұлғалық қабілетін реттеу қажеттілігін оятады.

Диалог, әріптестік, қызметтестік, шығармашылық жағынан байланыс студентке әсіресе оқудың бастапқы сатысында маңызды, бұл кезде олар әлі хормейстерлік мамандық жайлы еш хабары жоқ, сондықтан өздігінен шығарманы талдай алмайды, техникалық, көркем-бейнелік және музыкалық міндеттерді де шеше алмайды.

Маманның қалыптасу процесіндегі шығармашылық белсенділік деңгейінің бірнешеуін сипаттап өтейік:

а) алғашқы деңгей оқудың қанағаттанарлық мотивімен сипатталады, фактілер мен болжамды елестету деңгейінде білім жүйесін меңгеру; ерік сферасы шапшаңдықпен, жеңіл-желпі қараумен, жылдамдықпен, ішінара өз-өзін бақылаумен айқындалады;

ә) екінші деңгейге тән мінездеме, студент үшін оқу жағдайын жақсарту құралы ретінде: студенттердің игерген білімі сүйеніш ұғымы, ал әрекеттену алгоритм деңгейінде болады; бұнда ерік сферасы тапсырманы орындау және тырысу арқылы көрінеді;

б) үшінші деңгей – оқу мотивациясы тұрақты, қанағаттанарлық; студенттер жинақы, өздік жұмысқа бейім, ұйымшыл; еріктік қасиеттері мақсаттық бағыттылығымен, жауапкершілігімен, өздік жұмыс жасай алумен мінездемеленеді;

в) шығармашылық белсенділіктің төртінші деңгейі- кәсіпті терең оқып-танысуға қажеттіліктің нақты көрінуімен сипатталады; студент өзі оқудың мақсатын қояды және оған жету жолдарын таңдайды, оқу әрекетінде инициативті, қуатты, өткір бола отырып, өздік жұмысына өзгерістер енгізеді [6].

Алайда шығармашылық белсенділіктің қалыптасуындағы кез-келген деңгейінде оқытушының алатын орнының маңыздылығын ұмытпаған жөн: ол оқу процессін ұйымдастырушы және оны қадағалаушы.

Қорытындылай келе кәсіби қызметін тәрбиелеу процессі ұзақ және педогогтың өзінен де шығармашыл болуды талап етеді. Егер педогог өзі қалыпты ғана жұмыс жасаса, онда студенттің шығармашылық тұлға қасиеттерін игеруі қаншалықты талпынса да бос әурешілік болмақ. Педогогикада барлығына бірдей әріптестікті тәрбиелейтін әдістер жоқтың қасы. Әрине әдістердің жоқтығы педогог жұмысын қиындататыны сөзсіз, бірақ өзінің шығармашылық ауқымын үнемі кеңейтуге: хормен жұмыс барысында өзіне ғана тән әдіс-тәсілдерді табуға, музыкалық репертуарын кеңейтуге, белсенді оқу формаларын

қолдана отырып өзінің студенттерімен ары қарай жұмыс істеуде басқа педогогтардың жаңалығын сараптауға тәуелді етеді. Десекте, бұл жағдайда педогогтың белгілі музыкалық және педогогикалық қабілеттері ғана емес, сонмен қатар белгілі әдіснамалық мінездеме ұстанымдарына сүйене отырып, шығармашылық белсенділікке қажетті материалды мүшелеп талдауға көмектесетін білім мен шеберлікті игерген болу қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Л.Г. Арчажникова «Профессия – учитель музыки». –М., 1984ж. – 260 стр
2. В.И. Муцмахер «Формирование профессионально значимых качеств личности будущего учителя музыки общеобразовательной школы в процессе его специальной подготовки» Дисс. п.г.д. 1989 ж.- 295б.- 150 с.
3. Қыдырбаева К. Хор және хормен практикалық жұмыс. -Қызылорда, 2011ж.- 125 б.
4. Е.А.Петелина «Формирование профессионально-творческой активности студентов-будущих педогогов-хормейстеров ». -Дисс... п.г.к. -1988 г.- 165 с. .
5. Г.И.Шевченко. Развитие творческой активности студентов факультетов начальных классов в процессе музыкальной подготовки.- Дисс. п.г.к. 1988ж.- 184 с.
6. Л.В.Ларкина. Педагогические условия формирования умения экспрессивного воздействия хормейстера на певческий коллектив». -Дисс... п.г.к., 2001ж.- 187 с.

**МРНТИ 77.03**

### **ДИНАМИКА УРОВНЯ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ФИЗИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВЛЕННОСТИ СТУДЕНТОВ**

**Н.О. ОТЕГЕНОВ**

*Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова, г. Актөбе,  
Казахстан*

**Аннотация.** Деятельность современной студенческой молодежи характеризуется постоянным ростом объема информации, высокой интенсивностью процесса обучения, низким уровнем двигательной активности, что приводит к снижению показателей физической подготовленности и ухудшению здоровья.

В данной статье изучена динамика уровня физической подготовленности студентов основных медицинских групп Актюбинского регионального государственного университета им. К. Жубанова технического факультета во время обучения. Отмечена тенденция снижения уровня физической подготовленности студентов до окончания курса занятий по физическому воспитанию. Эффективность физической подготовки в процессе физического воспитания в высших учебных заведениях требует